



Астана қаласы

2025 жылғы 05-21 тамыз

Баспасөз хабарламасы

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 05-21 тамыз аралығында «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын қашықтық форматында өткізеді. Бұл іс-шара мектеп оқушыларын әртүрлі мамандықтарды зерттеуге шабыттандырып қана қоймай, болашақ, сұранысқа ие мансапты саналы түрде таңдауға көмектесуді мақсат етеді.

Бүгінгі таңда оқушылардың кәсіби бағдары қосымша білім беру жүйесіндегі басты басымдықтардың біріне айналуда. Сондықтан форум еліміздің түкпір - түкпірінен облыс орталықтарынан бастап Астана, Алматы және Шымкент сияқты ірі қалаларға дейін 180 үздік қатысушыны тартты.

Форум «Мен мамандықты ... таңдаймын» және «Менің кәсібім – менің бизнесім» номинациялары бойынша қызықты жобаларды қорғау алаңына айналады. Жас таланттар заманауи мамандықтар мен олардың тартымдылығы туралы айтып қана қоймай, жаңа мамандықтардың бизнес-жоспарлары мен идеяларын ұсына отырып, болашаққа көз жүгіртеді. Сонымен қатар, қатысушылар «Жас мобилограф» форматында бейнесюжеттер дайындады, онда смартфондардың көмегімен түрлі мамандықтарды жарнамалайтын және жарқын эмоциялар мен қызықты сәттерді көрсететін шығармашылық бейнероликтер жасады.

Форумның басты мақсаты - азаматтықты, патриотизмді, салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру және жеке даму мен кәсіби өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасау. Бұл іс-шара оқушылардың кәсіпті саналы түрде таңдауға, кәсіби әлемнің ерекшеліктерін білуге және әртүрлі

мамандықтардың өкілдерін құрметтеуге деген қызығушылығын дамытуға ықпал етеді.

Форумның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға сыйлықтар жолданады. Жеңімпаздарға дипломдар мен сертификаттардың электрондық нұсқалары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» форумы - бұл сіздер үшін өз таланттарыңызды көрсетуге, мамандықтар әлемі туралы көбірек білуге және табысты болашаққа алғашқы қадам жасауға бірегей мүмкіндік.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 57-41-52; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.



г. Астана

05-21 августа 2025 г.

Пресс-релиз

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по поручению Министерства образования и науки Республики Казахстан с 05 по 21 августа 2025 года проводит республиканский форум «Открываем мир профессий» в дистанционном формате. Это мероприятие ставит своей целью не только вдохновить школьников на изучение различных профессий, но и помочь им сделать осознанный выбор будущей, востребованной карьеры.

Профессиональная ориентация школьников сегодня становится одним из главных приоритетов в системе дополнительного образования. Именно поэтому форум привлек 180 лучших участников из разных уголков страны - от областных центров до крупных городов, таких как Астана, Алматы и Шымкент.

Форум станет площадкой для защиты интересных проектов по номинациям «Я выбираю профессию...» и «Моя профессия – мой бизнес». Юные таланты не только расскажут о современных профессиях и их привлекательности, но и заглянут в будущее, представляя бизнес-планы и идеи новых профессий. Кроме того, участники подготовили видеосюжеты в формате «Юный мобилограф», где с помощью смартфонов создали креативные видеоролики, рекламирующие различные профессии и показывающие яркие эмоции, и интересные моменты.

Главная цель форума - формирование гражданственности, патриотизма, принципов здорового образа жизни и создание условий для личностного развития и профессионального самоопределения. Это событие способствует развитию у школьников интереса к осознанному

выбору профессии, познанию особенностей профессионального мира и уважению к представителям различных профессий.

Победители будут награждены призами. Электронные версии дипломов и сертификаты участникам будут размещены на сайте www.ziyatker.org.

Форум «Открываем мир профессий» - это уникальная возможность для вас, ребята, показать свои таланты, узнать больше о мире профессий и сделать первый шаг к успешному будущему.

За дополнительной информацией обращаться по телефонам:

+ 7 (7172) 57-41-52; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.